



**АСТАНА АКШАМЫ**

# ҚАЗАҚ ТАРИХЫН ҚАТТАҒАН



**Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығында белгілі тарихшы Жамбыл Артықбаевтың қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген қос еңбегінің тұсауқесері өтті. Оның бірі – ғылыми-тәнымдық әсем безендірілген «Қазақстан тарихы» кітабы болса, екіншісі – жоғары оқу орындарына арналған осы аттас оқулық.**

Был ЕҮУ-дің тарих факультеті дербес шаңырақ болып бөлінгенін ел хабардар. «Жамбыл Омарұлы – этнографиялық қанық бояуы бар іргелі еңбектердің авторы. Оның кітаптарының тұсауқесеріне кім көрінген келе бермейді». Осылай деп іс-шараны ашқан атамыш факультеттің археология және этнология кафедрасының менгерушісі Ұлан Үмітқалиев тұсауқесерге арнайы келген үлкен антрополог ғалым, ҚР ҰҒА академигі, Болония ғылым академиясының корреспондент мүшесі Оразақ Смағұлға сөз берді.



Иә, біле білгенге Оразақ ағамыз – қазақ тарихын 4 мың жылға тереңдеткен адам. Ғылыми еңбектері кеңес заманы саясатына қайшы келгендіктен талай теперіш көріп, тіпті бір кітабы отқа тасталған. Сөйткен ғалым еш мойымай, сонынан шәкірттерді де ерте білді. Солардың бірі, әрі бірегейі Жамбыл Артықбаев.

«Балықшы балықшыны алыстан таниды» демекші, біраз жыл бұрын Оразақ Смағұл университеттің екінші курсында оқып жүрген студент Жамбылдың бойындағы ғылыми потенциалды байқап, оны антропологиялық экспедицияларға алып жүрген еken. Осыны айтқан академик Жамбыл Омарұлы секілді жаңашыл ғалымдар тоталитарлық кезеңде бұрмаланып кеткен тарихымызды орнына келтіретініне үміт артатынын жеткізді. Көргені-білгені көп ғалым ретінде тарихымыздағы қасіретті жылдарға сапар шекті. Откен ғасырдың 20-30-шы жылдарғы ашаршылықты еске алып, сәби күнінде өзі де содан әрең аман қалғанын айтты. Қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы халыққа әкелген ауыртпашилықтарды сөз етті. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына тоқталды. Тектілік мәселесін қозғады.

Астанадан 20 шақырым қашықтықта Нұра өзенінің бойында Тайтөбе деген жер бар. Ақмола атауы сол жермен тікелей байланысты еken. Себебі, сол аумақта ежелде Ақмола кесенесі орналасқан. Кеден қызметін атқарған және айналаны шолуға мүмкіндік берген «Қарауыл мұнараның» орны жатыр. 1932 жылы Ақмола дуаны құрылғанда осы жерде үлкен той да өтіпті. Тұсаукесерде «Мәдениет» телеарнасының Жамбыл Артықбаев қатысқан «Тайтөбе» фильмін тамашалап, осындай мәліметке қанықтық.

Жалпы, тарихымыз, тәуелсіздігіміз жеңінде, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеу жеңінде пікір алысуға айналған тұсаукесер рәсімі рухымызды көтерген шараға айналды. Кітаптар авторының әріптестері мен шәкірттері, Астана қаласындағы ЖОО тарихшылары, елорда мектептерінің тарихшы ұстаздары сөз сөйлеп, оған алда да мол табыстарды тіледі.

**Аманғали Қалжанов**